

## Шалқар ауданы аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындарды белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Шалқар ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 18 сәуірдегі № 76 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 28 сәуірде № 5472 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 13 маусымдағы № 206 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар ауданы әкімдігінің 13.06.2022 № 206 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі "Сауда қызметін реттеу туралы" Заңының 8, 27 баптарына сәйкес, Шалқар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шалқар ауданы аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындар, қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж. Жидехановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің  
міндетін атқарушы*

*Е. Шотанов*

Шалқар ауданы әкімдігінің 2017  
жылғы 18 сәуірдегі № 76 қаулысына  
қосымша

## Шалқар ауданы аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындар

№	Елді мекен атауы	Көшпелі сауданы жүзеге асыратын орындар
1	Шалқар қаласы	
	Шалқар қаласы	Ө.Сейтов көшесі, № 18 үйдің алдында
2	Айшуақ ауылдық округі	
	Бегімбет ауылы	Қарағұл көшесі, № 14 үйдің алдында

3	Ақтоғай ауылдық округі	
	Қотыртас ауылы	Бейбітшілік көшесі, № 6 үйдің алдында
4	Біршоғыр ауылдық округі	
	Біршоғыр станциясы	А.П.Тихонов көшесі, № 2 үйдің алдында
5	Есет Көтібарұлы ауылдық округі	
	Байқадам ауылы	Есет Көтібарұлы көшесі, № 29 үйдің алдында
6	Жанақоныс ауылдық округі	
	Аққайтым ауылы	Достық көшесі, № 2 Аққайтым дәрігерлік амбулаториясы ғимаратының алдында
7	Кішіқұм ауылдық округі	
	Шілікті ауылы	Сартепсең көшесі, № 5 үйдің алдында
8	Қауылжыр ауылдық округі	
	Қауылжыр станциясы	Желтоқсан көшесі, № 1/1 үйдің алдында
9	Мөңке би ауылдық округі	
	Мөңкеби ауылы	Ардагер көшесі, № 13 үйдің алдында
10	Тоғыз ауылдық округі	
	Тоғыз станциясы	Тәуелсіздік көшесі, № 73 үйдің алдында
11	Шалқар ауылдық округі	
	Жылтыр ауылы	Самал көшесі, № 11 үйдің алдында